

Ә. Дербісәлі

ҚР ҰҒА, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: absattarderbisali@gmail.com

БАЙЛАҚ ӘЛ-ҚЫПШАҚИ – ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ТІЛШІ ҒАЛЫМ ЖӘНЕ АСЫЛ ТАСТАРДЫҢ БІЛГІРІ

Орта ғасырларда қыпшақтар мекендеген ұланғайыр жерлер «Дешті-Қыпшақ» (Қыпшақ даласы) деп аталғаны белгілі. Қыпшақтар солтүстік Кавказ бен Украина жерінде де өмір сүрді. XII ғасырдың бірінші жартысында Грузин патшасы IV Давидтің әскерінде 45 мыңға жуық қыпшақтар болған. Осы аталған елдердегі кейбір жер-су аттарының қыпшақша екені, жергілікті халық тілдерінде, әдет-ғұрпында да қыпшақ элементтерінің кездесетіні осыдан. Олар өзара ауыс-түйіс, қатынас жасау үшін де қыпшақ тілін үйренуге, оның әдет-ғұрпын, тұрмыс-салтын жақсы білуге талпынды.

Қыпшақтар сондай-ақ армяндар елінде де тұрды. Аталарымыз оларға сыртқы жауларымен күресуге көмектесті. Осы күндері Арменияда армян әрпімен, бірақ қыпшақ тілінде жазылған жазба ескерткіштердің табылуы осы айтылғанның дәлелі.

Моңғол шапқыншылығына да бірінші болып қатты қарсылық көрсеткен қыпшақтар еді. Күші басым жауға қарсы тұра алмай, олар жеңіліске ұшырап, Таяу және Орта Шығыс елдеріне дейін шашырап кетті. Бірақ қайда жүрсе де, қыпшақтар өзгеге бас иеген, өзін де, қандастарын да сыйлауға мәжбүр еткен. Сондықтан да қыпшақ әміршілерімен араласып, ауыс-түйіс жасаған кейбір араб ғалымдары да өз шығармаларын қыпшақ тілінде жазған. Осылайша арабша-қыпшақша, қыпшақша-арабша бірқатар тілашарлар мен оқу құралдары, сөздіктер дүниеге келді.

Түйін сөздер: Байлақ әл-Қыпшақи, дереккөз, қыпшақ тілі, қыпшақ жазуы, қолжазба, ортағасырлық ғылым.

A. Derbisali

NAS RK, Kazakhstan, Almaty
e-mail: absattarderbisali@gmail.com

Bailak al-Kipchaki – medieval linguist and expert on precious stones

It is known that in the Middle Ages, vast lands inhabited by Kipchaks were called Desht-i-Kipchak (Kipchak steppe). Kipchaks also lived in the North Caucasus and Ukraine. In the first half of the XII century, the army of the Georgian king David IV numbered about 45,000 Kipchaks. That is why some toponyms in these countries are Kipchak, and elements of Kipchak origin are also found in local languages and customs. They tried to learn the Kipchak language, get acquainted with its customs and everyday life.

Kipchaks also lived in Armenia. Our ancestors helped them fight external enemies. Evidence of this is the discovery in Armenia of inscriptions in the Armenian alphabet, but in the Kypchak language.

The Kipchaks were the first to resolutely oppose the Mongol invasion. Unable to resist the overwhelming enemy, they were defeated and scattered throughout the Middle and Middle East. But wherever they went, the Kipchaks did not give up and forced them to respect themselves and their loved ones. That is why some Arabic scholars who spoke with the Kipchak rulers also wrote in Kipchak. Thus, a number of Arabic-Kipchak, Kipchak-Arabic dictionaries and textbooks were born.

Key words: Baylak al-Kipchaki, source, Kipchak language, Kipchak script, manuscript, medieval science.

A. Дербисали

НАН РК, Қазақстан, г. Алматы
e-mail: absattarderbisali@gmail.com

Байлақ аль-Кипчаки – средневековый ученый-лингвист и эксперт по драгоценным камням

Известно, что в средние века обширные земли, населенные кипчаками, назывались Дешти-и-Кипчак (кипчакская степь). Кипчаки также жили на Северном Кавказе и в Украине. В первой половине XII века армия грузинского царя Давида IV насчитывала около 45 000 кипчаков. Вот вот

почему некоторые топонимы в этих странах являются кипчакскими, также элементы кипчакского происхождения встречаются в местных языках и обычаях. Они пытались выучить кипчакский язык, познакомиться с его обычаями и бытом.

Кипчаки также жили в Армении. Наши предки помогали им бороться с внешними врагами. Свидетельством тому является обнаружение в Армении надписей на армянском алфавите, но на кипчакском языке.

Кипчаки первыми решительно выступили против монгольского нашествия. Не в силах противостоять подавляющему врагу, они были разбиты и рассеяны по всему Среднему и Ближнему Востоку. Но куда бы кипчаки ни пошли, они не сдавались и заставляли уважать себя и своих близких. Вот почему некоторые арабские ученые, которые общались с правителями кипчаков, также писали на кипчакском языке. Таким образом родился ряд арабо-кипчакских, кипчакско-арабских словарей и учебников.

Ключевые слова: Байлақ аль-Кипчақи, источник, кипчакский язык, кипчакская письменность, рукопись, средневековая наука.

Кіріспе

Л.Л. Семенова: «[Сұлтан] Салих кезінен бастап Египет әскерінің көпшілігін мамлюктер құрады. Олар шығу тегі жағынан Қара теңіз бен Каспий бойында (Дешті Қыпшақ) көшіп-қонып жүрген қыпшақтардан тұрды. Ол кезде қыпшақтар Алтын Орданың құрамында болатын. Моңғолдар оларды тұтқынға алған соң Италия саудагерлеріне құлдыққа сатты. Италия саудагерлері мамлюктерді көбінесе Қара теңіз арқылы Египет сұлтандарына саудалады. Түркілік мамлюктер (бахрлықтар) күрдтерді ығыстырған соң билік басындағы феодалдар аристократиясының әлеуметтік тобына айналды» десе (Семенова, 1966:23,51), белгілі поляк түркітанушысы А.З. Зойончковский (1903-1970): «Мамлюктер мемлекетінің негізгі ұлттық элементтері қыпшақтардан тұрды. Себебі Қыпшақ даласынан (Дешті Қыпшақтан) көп мамлюктер келді» дейді (Зойончковский, 1961:38).

Мысыр, шамдық қыпшақ текті ғалымдарының бірі – Ала ад-Дин Байлақ әл-Қыпшақи жайлы деректі біз 1895 жылы Лейпцигте шыққан немістің «Таяу Шығыс қоғамының журналы» атты еңбектен ұшыраттық. Онда Морис Штейншнейдер (1816-1907) «Араб лапидарлері» атты мақаласында «Байлақ әл-Қабджақи» атты ғалымды атайды да, ол жайлы бірнеше жолдан тұратын деректер келтіртеді (Штейншнейдер, 1895).

Байлақ-әл-Қыпшақи жайлы тағы бір мәліметті неміс ғалымы Карл Брокельманнның (1868-1956) «Geschichte der Arabischen Litteratur. Erster supplementband, Leiden E.J. Brill 1937, 904 бет» атты еңбегінен кездестірдік (Brockelmann, 1937:904). Ол Байлақтың «Китаб канз ат-тиджар фи мағрифат әл-ахджар» атты еңбегін 1282 жылы жазып, әл-Малик әл-Мансұр II-ге арнағанын

айтады. Әл-Малик әл-Мансұр II Мұхаммед Сирияның Хама уалайатын билеген, Аййуб әулетінен шыққан әкімдердің бірі еді. Бірақ К. Брокельманн оның ізін ала «Geschichte der Arabischen Litteratur» толықтыруға арналған, 1943 жылы Лейден-Брилде шыққан «Қосымша» (Supplementband) атты зерттеуінде қыпшақ ғалымы еңбегінің жоғарыда айтылған әл-Малик әл-Мансұр II Мұхаммедке емес, керісінше Хама уалайатын бұрынырақ билеген, оның әкесі Мұзаффар II-ге (Таки ад-Дин Махмұдқа –1229–1244) арнағанын айтқан (Brockelmann, 1937:904).

Сонымен қатар, ол қыпшақ перзентінің аты-жөнін М. Штейншнейдер секілді «Кабджақи» деп емес, «Байлақ бин Мұхаммед әл-Қыпшақи» деп араб тіліндегі айтылуы мен жазылуына сай етіп көрсеткен. Поляк шығыстанушысы Ананияш Зойончковский әл-Қыпшақи ныспысының алдына «Ала ад-Дин» деген атты қоса көрсеткен (Зойончковский, 1961:38). Сөйтіп, қолда бар деректерге сүйенсек, қыпшақ ғалымының аты-жөні Ала ад-Дин Байлақ бин Мұхаммед әл-Қыпшақи. Өзінің аты – Ала ад-Дин Байлақ (Байлық), әкесінің есімі – Мұхаммед. Әл-Қыпшақи – оның қыпшақ тайпасынан шыққандығын білдіреді.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Байлақ әл-Қыпшақи Мысырды мамлюктер билеген кезде өмір сүрген. Кейбір деректерге қарағанда еңбектерінің кейбірін ол Мысырды сұлтан Бейбарыс (1217-1277) билеген кезде жазған. Байлақ әл-Қыпшақи да Бейбарыс секілді қазақ сахарасының ұлы, яки сонда құлдыққа сатылған қыпшақ батырларының бірінің баласы ма, ол жағы белгісіз. Қолымызда ондай дерек те жоқ. Өзге де жерлестері секілді Байлақтың да Бейбарыс билеген Мысырды немесе яки өзі

біраз жылдарын өткізген Сирияның көсегесін көгертуге күш салғаны анық.

Бейбарыс билеген Мысырдың немесе әл-Мұзаффар II билеген Сириядағы Хама уалаятының рухани өмірі ұйытқыларының бірі болған Байлақ әл-Қыпшақи тек жаратылыстану ғана емес, сонымен қатар тіл білімі бойынша да еңбектер жазған. Ананияш Зойончковский «Мамлюк мемлекеті дәуіріндегі араб-қыпшақ сөздігі» (Зойончковский, 1961) деген еңбегінде Париждегі ұлттық кітапханадан табылған түркі текті Жамал ад-Дин Мұхаммед Абд Алла ат-Түркидің (XIV ғ.) «Бұлғат әл-муштақ фи лұғат ат-түрк уа-л кифджак» («Түрік және қыпшақ тілін (үйренгісі келетіндерге арналған) толық (жеткілікті) кітап» атты еңбегін зерттей келе, ат-Түрки шығармасының кіріспесінде оның өз сөздігін құрастыруда бірқатар еңбектерге сүйенгенін айтады. Сондай-ақ ол Андалусиялық Асир ад-Дин Әбу Хайан Мұхаммед бин Йусуф әл-Гарнати (1256-1344) атты ғалымның «Китаб әл-идрак ли-л-исан әл-атрақ» («Түркі тілі туралы жазылған түсіндірме кітап») іспетті еңбекті жазуына да Ала ад-Дин Бейлік (Байлақ) әл-Қыпшақидің «әл-Ануар әл-мудиъа» («Жарық нұры») атты еңбегі арқау болғанын ескерткен (Зойончковский, 1961).

Өкінішке орай, біздің заманымызға Әбу Хайан сөздігі жеткенімен, оны жазуға арқау болған Байлақ әл-Қыпшақидің («әл-Ануар әл-мудиъа» – «Жарық нұры») еңбегі күні бүгінге дейін жоғалдыға саналып келеді. Мүмкін, күндердің күнінде ол талай асыл қолжазбаларды сақтап, талай ғалымдардың жаңалық ашуына себепкер болған Каир, Александрия, Бағдад, Дамаск кітапханаларының бірінен табылып қалар. Отырарлық Исхак бин Ибраһим әл-Фарабидің (X ғ.) де жоғалдыға саналып келген «Диуан әл-адаб» («Әдеп жинағы») атты құнды мұрасын Александрия университетінің ұстазы Ибраһим Анис 1944 жылы Египет кітапханаларының бірінен тауып, жаңалық ашқаны белгілі. Олай болса, біз де, Байлақ әл-Қыпшақидің лингвистикалық мұрасына дәл сондай үмітпен қараймыз.

Ғылыми зерттеудің әдіснамасы

Кипчаки, Кибчаки (Кипшаки) Швейцария шығыстанушысы Адам Мецтің (1869-1917) «Мұсылман Ренессансы» атты еңбегінің «Теңіздегі кеме қатынасы» тарауында да кездеседі. Ол: «біз қарастырып отырған дәуір авторлары 1282 жылы Қыпшақи алғаш рет

сипаттаған компас туралы ештеңе айтпайды» [Адам Мец, 1966: 391] дейді.

Байлақ әл-Қыпшақидің «Китаб канз ат-тиджар фи мағрифат әл-ахджар» – «Асыл тастарды танудағы саудагерлердің қазынасы [жайлы] кітап» атты Париж ұлттық кітапханасында сақтаулы тағы бір шығармасының көшірмесі қазір менің кітапханамда бар. Ол туралы Бағдад университетінің ұстазы Набила Абд әл-Мунһым Дауд өз ойларымен бөлісіпті (Набила Абд ал-Мунһым Дауд. қолжазба). Қолыңыздағы зерттеуімде Набиланың сол мақаласына дерек ретінде сүйендім. Набила бірақ мақаласының барлық жерінде Қыпшақ ұланын әл-Қибджак деп көрсеткен. Әйтсе де біз оны қазақ тілінің жазу қағидасына сай Қыпшақи деп жазғанды жөн көрдік.

Талқылаулар мен нәтижелер

Байлақ әл-Қыпшақидің өмірі мен шығармашылығы туралы баяндаудан бұрын, орта ғасырларда арабтардың асыл тастарға деген қызығушылығы жайына тоқтала кетейік.

Арабтар ерте заманнан асыл тастарға аса қызығушылық танытқан. Ислам өркениеті гүлденген кезеңде осындай ықылас әсіресе арта түскен. Асыл тастарды бай халифтер, әмірлер мен уәзірлер ғана емес, сондай-ақ басқа да адамдар пайдаланған. Өйткені, асыл тастар сол кездің құнды сыйлығы ретінде сирек кездесетін дүние саналатын. Сол себепті, Бағдат пен араб елдерінің басқа да қалаларында асыл тас саудасы барынша дамыған. Тіпті, асыл тастарды алып-сататын арнайы базарлар да болған. Асыл тастар тек эстетикалық мақсатта ғана емес, сонымен қатар медицинада, өндірісте, тіптен рухани салада да қолданыс тапқан. Асыл тастар саудасына сұраныс артып, адамдар оларды даярлау мен сатып алуда өзара сайысқа түскен. Сонымен қатар, асыл тастардың кен орындарын анықтау мақсатында география саласы да дамыды. Тастардың қалайша түзілетіндігі, олардың түстері мен нендей қасиеттері барын айқындайтын геология саласы да қарқындады. Геммология (тастар туралы ғылым) ғалымдары металлдар мен минералдардың 700-ден астам түрі бар деп санайды. Олардың отта балқитындарын металл деп атайды. Сонымен қатар, сұйық және ылғал заттектерде еритін де тастар бар. Олар түсі жағынан қанығуы мөлдір және оңан болып бөлінеді. Гауһар, жақұт пен оның зұбаржард, хризолит, балхаш тасы, баджади, алмас, көгілдік ақық, халцедон, оникс, сутас

тәрізді өзге түрлері мөлдір болады дейді Ирак ғалымы.

Түсі оңған тастарға ұсақ інжу, безер, нефрит, хамахан жатады. Әрбір тастың өз ерекшеліктері, қолдану саласы, пайда болу тәсілдері мен түсінің түр-түрі бар. Осы саладағы ықтияттылығы нәтижесінде, арабтар тас түсінің түрлері мен олардың химиялық қасиеттері арасындағы байланысты анықтап, асыл тастарды түсіне қарай жіктеудің негізін қалады. Сондай-ақ, тасқа күн сәулесі түскенде көрінетін түстері мен олардың физиологиялық қасиеттері арасындағы байланысты да анықтады. Тас түрлерінің молдығын ескере отырып, арабтар тастарды оларға ұқсас тіршілік иелерінің атымен атаған. Түсі жағынан өсімдік, жеміс және гүлдер атауларына ұқсас келетін тастар бар. Мысалы райхани (райхан түсті), фустуки (пісте түсті), руммани (анар түсті). Түрлері жан-жануарлар мен олардың өнімдеріне ұқсас тас түстері кездеседі: зубабби (шыбын түсті), таууси (тауыс түсті), лабани (сүт түсті). Сондай-ақ табиғи құбылыстар атауына ұқсас тастар да ұшырасады: Самауи (аспан түсті), акхаб (күңгірт-сұр түсті) және т.б. Бір тастың бірнеше реңкі болуы да мүмкін. Мысалы, тек қызыл түстің 11 реңкі байқалған. Ал, әрбір реңктің баһрамани (қызыл-қоңыр), ирджуани (қызыл-күрең), джулланари (анар түсті) секілді аты бар.

Арабтар кейбір асыл тастардың қасиеті мен олардың геометриялық формаларын ысқылап жылтырату арқылы жақсартудың бірнеше тәсілін ойлап тапқан. Сонымен қатар жасанды тастарды әртүрлі тәсілмен жасауды да білген. Бұл осы салада өз заманының саудагерлері, шеберлері мен химиктері қолданған көптеген жаңа ғылыми терминдердің пайда болуына түрткі болды. Нәтижеде алмас, жақұт, көгілдір ақық, інжу, ұсақ інжу және де басқа минерал тастардың қасиетін зерделейтін асыл тастар туралы ғылым (геммология) дүниеге келді. Геммологияға олардың әрқайсысына тән белгілеріне сәйкес, қайсысы сапалы, қайсысы сапасыз екендігін анықтайтын әрбір минералдың ерекшелігін сипаттау кіреді (Набила Абд ал-Мунъим Дауд. қолжазба).

Сонымен қатар, минералогия ғылымы да пайда болды. Оның көмегімен минералогия минералдардың табиғаты, реңктері, оны айырып алу, топырақтан тазалау, жаратылысы мен салмағы бойынша бір-бірінен айырмашылығының жай-жапсарын зерделейді.

Осы тақырыпқа байланысты материалдар көп дейді әл-Қыпшақидің аталмыш зерттеушісі.

Ең алғашқы деректеме қасиетті Құран. Онда жақұт (йакут), маржан (маржан), алтын (заһаб), күміс (фидда), інжу (луълу) тәрізді тастар аталған. Геммология – құрлықта өндірілетін жақұт пен көгілдір ақық, басқалары теңіз түбінен алынатын інжу, маржан және т.б. тәрізді асыл тастардың қасиеттерін зерделейтін де ғылым. Осы ғылым саласына асыл тастардың қайсысы сапалы, қайсысы сапасыз екендігін айқындау жатқызылған. Оны әр тастың сипатты белгілері арқылы жүзеге асырады.

Асыл тастар туралы мәліметтерді фикһ (ислам құқығы) жөніндегі кітаптардан, атап айтқанда, асыл тастары бар адамдардың қаншалық төлем жасауы қажет туралы зекет тарауынан табуға болады. Осы кітаптарда алтын, күміс, жақұт, інжу және басқаларына нұсқама жасалған. Асыл тастар қарастырылған деректемелер ішінде тілдік түсіндірме сөздіктер, әдебиет туралы кітаптар да бар. Мәселен, олардың арасынан басралық филолог Халил ибн Ахмад әл-Фарахидидің (?–790) «ал-Айн» атты түсіндірмесін, Испанияның (Андалусияның) филолог-лексикографы Ибн Сиданың (1055–1066) «ал-Мухассасин» айтуға болады. Түрлі тарихи-филологиялық еңбектің авторы, филолог Мұхаммед ибн Мукаррам ибн Манзур (?–1311) асыл тастарды анықтап, олардың дұрыс аталуына көңіл аударған.

География туралы еңбектерде тастар, олардың пайда болу себептері аталады. Ондай дүниелер: «Сифат джазират ал-арабтың» авторы, белгілі генеалог, тарихшы, географ және археолог Хасан ибн Ахмад ибн Йакуб ал-Хамадани (?–945); «Масалик уа-л мамаликтің» авторы Ибраһим ибн Мұхаммед әл-Истахри (X ғ.); «Ахсан такасим фи ма’рифат ал-ақалимның» авторы Мұхаммед ибн Ахмад әл-Макдиси (946/7–1000); «Муъджам ма-истаъджамның» авторы Испан (андалусиялық) – араб энциклопедисі, ғалымы, әдебиетші және географ – Абдулла ибн Абд әл-Азиз әл-Бакри әл-Андалуси (?–1094) және басқалар (Набила Абд ал-Мунъим Дауд. қолжазба).

Медициналық кітаптарда да асыл тастар жайлы құнды материалдар бар. Оларда асыл тастарды емдік мақсатта пайдалану туралы айтылады. Алайда, ондай тастардың қасиеттері, сапасы, өндірілетін орны туралы сөз болмаған. Ондай кітаптар арасында ерекшеленіп тұрғандары: «әл-Хауи фи-т тиб», «Ат-Тиб ал-Мансури». Авторы дәрігер, математик, астороном, механик, философ, химик Әбу Бәкір Мұхаммед ибн Закария ар-Рази (864–925). «Тазкира ал-кахалин». Авто-

ры Әли ибн Иса (?–847), «әл-Қанун фи-т тиб». Авторы – Әбу Али Хасан ибн Сина (?–1050).

Геммология – құрлықта өндірілетін жақұт пен көгілдір ақық және теңіз түбінен алынатын інжу, маржан және т.б. тәрізді асыл тастар қасиеттерін зерделейтін ғылым. Осы ғылым саласына асыл тастардың қайсысы сапалы, қайсысы сапасыз екендігін айқындау да жатады. Оны әр тасқа сипатты белгілер арқылы жүзеге асырады.

Енді асыл тастардың жай-жапсарына арналған кітаптарға келейік. Олар көп. Біразы біздің заманымызға жетпеген, жоғалдыға саналғандары да бар. Оларға алхимиялық трактаттардың авторы Джабир ибн Хайанның (721–813) «Китаб ан-науһы» жатады. Оны Әбу Райхан әл-Бируни (973–1048) «Китаб ар-рахмасында» атап кеткен. Бізге жетпеген төмендегідей де еңбектер бар. Мысалы: «Манәфиъ әл-ахджар» атты тастар туралы ең көне еңбектің авторы Атарид ибн Мұхаммед ал-Хасиб (?–819).

«Әл-Джауаһир уа сифатуһа». Авторы Йәһйә немесе Йуханна ибн Масауайх ат-табиб (777–848). Ол Ассирияда туып, христиан дінін ұстанған белгілі дәрігер және фармацевт. Бізге жетпеген басқа да кітаптарды Әбу Райхан әл-Бируни «әл-Джамаһир фи маърифат әл-джауаһиринда» жазып кеткен.

Жоғарыда ертеректе геммологияға қатысты арабша жазылған еңбектердің кейбірін атадық. Олар асыл тастар туралы ғылымның негізін қалап, геммология үшін құнды деректеме болды. Бұл кезде оның пайда болуы мен қалыптасу кезеңі десек те болады. Аты аталған еңбектерден басқа «әл-Джамаһир фи [маърифат] ал-джауаһирдің» авторы Әбу Райхан Мұхаммед ибн Ахмад ал-Бируниді (973–1048) атаса болады. Оның жазба дүниесі геммологияның дамуындағы жаңа кезеңнің басталуы және мифтік сипаттағы дереккөздерге сүйенген Атаридтың «Манәфиъ ал-ахджарындағындай» немесе ешбір деректемеге сүйенбеген Йуханна ибн Масауайх пен араб философы әл-Киндидің (?–874) кітабы аталмыш ғылымның қалыптасу кезеңінің тамамдалуын білдірді.

Онан кейін, зерттеу әдіснамасының негізі қаланған, тәжірибелерінің тереңдігімен, ғылыми контексте өткендегі материалдарға баға беру арқылы сипатталған осы ғылымның жаңа кезеңі басталды.

Ол пайдаланылған материалдардың нақтылығымен ерекшеленді. Әбу Райхан Мұхаммед ибн Ахмад әл-Бируниден кейін «Ахджар әл-афқар фи маърифат джауаһир әл-ахджардың» авторы минералог Ахмад ибн Йусуф ат-Тифаши

(?–1253 мен «Китаб канз ат-тиджар фи маърифат әл-ахджар» – «Асыл тастарды танудағы саудагерлердің қазынасын» жазған Байлақ әл-Қыпшақи (?–1292) секілді ғалымдар дүниеге келді.

Асыл тастар жайлы жазған басқа да ғалымдар болған. Олар: Ибн әл-Ақфани лақап атымен белгілі дәрігер, энциклопедист ғалым, «Китаб нахб аз-захаир фи ахуал әл-джауаһирдың» авторы Мұхаммед ибн Ибраһим ибн Саъид әл-Ансари (1286–1347). Сонымен қатар, логика, геммология, математика, медицина мен астрономия саласына қатысты 22 кітап жазған «Мәдан ан-науадир фи маърифат әл-ахджар уа-л джауаһирдың» авторы – Ала ибн Хасан ибн Әли әл-Байхақи (?–1508). «Сирр ал-асрар фи маърифат ал-джауаһир уа-л ахджардың» авторы – Умар ибн Ахмед ибн Әли ибн Махмуд ибн Шамаъ әл-Халаби (?–1529), «Катф ал-азһар фи хасаис әл-мабадин уа-л ахджарды» жазған Ахмед ибн Ауад әл-Магриби.

Енді Байлақ әл-Қыпшақидың «Китаб канз ат-тиджар фи маърифат ал-ахджар» – «Тастарды танудағы саудагерлердің қазынасы [жайлы] кітап» атты еңбегіне оралайық.

Әл-Қыпшақи қолжазбасының «Кіріспесінде»: «Мен оны «Китаб канз ат-тиджар фи маърифат ал-ахджар» – «Тастарды танудағы саудагерлердің қазынасы [жайлы] кітап» деп атадым» деген. Бұл трактат атауына қатысты жалғыз сілтеме. Өйткені, библиографиялық дерек көздерінде ол туралы айтылмаған. Қолжазбаның бір данасы Парижде 2779 нөмірмен сақтаулы. Қолжазбаның көшірмесі Ирак Ғылым академиясы мен 270 нөмірлі нұсқасы Алепподағы (Сирия) Ежелгі Мұра институтында да бар.

Қолжазбадан авторға қатысты бірнеше жолдарды оқыдық. Онда: «Трактаттың соңы, Алланың даңқы арта берсін, иеміз Мұхаммед пен оның ұрпақтарына Алла риза болғай. Осы трактатты Байлақ әл-Қыпшақи Каирдың Дарб ат-Тауус деген жерінде 1281 жылғы рабиъ ал-ахар айының ондары шамасында жазған. Ол Алланың даңқы арта беруін тілеп, Оның пайғамбарына деген ризашылығын сұрайды» депті.

Қолжазба 88 бет. Әр бет – 17x26 см. Ондағы жол саны – 15. Кейбір беттерге тұмарларға ұқсас формалар мен суреттер берілген.

Қолжазбаның жазулары айқын. Кітаптың «Кіріспесінде» бір-ақ ылғалдың ізі қалған. 24 парақ – өшірілген, сонымен қатар, кейбір формалар да өшірілген. Қолжазба 30 мақала мен көптеген тараулардан құралған:

- 1-мақала: «Қызғылт мыс туралы». (7 тарау).
- 2-мақала: «Күміс туралы». (7 тарау)
- 3-мақала: «Алтын туралы». (7 тарау)
- 4-мақала: «Асыл тастар туралы» (Хризолит немесе топаз). (8 тарау)
- 5-мақала: «Жақұт туралы». (16 тарау)
- 6-мақала: «Зүбаржад пен оның түрлері туралы». (10 тарау)
- 7-мақала: «Хризолит туралы». (5 тарау)
- 8-мақала: «Балхаш тасы туралы». (5 тарау)
- 9-мақала: «Банфаш туралы». (5 тарау)
- 10-мақала: «Баджади тасы туралы». (8 тарау)
- 11-мақала: «Алмас туралы». (6 тарау)
- 12-мақала: «Мысықкөз туралы». (7 тарау)
- 13-мақала: «Минералды безоар туралы». (13 тарау)
- 14-мақала: «Жылан тұнбасы, жануар тасы және жауын тасы туралы». (5 тарау)
- 15-мақала: «Көгілдір ақық туралы». (9 тарау)
- 16-мақала: «Халщедон туралы». (7 тарау)
- 17-мақала: «Оникс туралы». (8 тарау)
- 18-мақала: «Магнит туралы». (8 тарау)
- 19-мақала: «Алтын, күміс, мыс, бетегебоз, қызыл күрең кварциттің магниті туралы». (4 тарау)
- 20-мақала: «Зімпара тасы туралы». (5 тарау)
- 21-мақала: «Малахит туралы». (8 тарау)
- 22-мақала: «Ляпис-лазурь туралы». (8 тарау)
- 23-мақала: «Маржандар туралы». (8 тарау)
- 24-мақала: «Гагат туралы». (6 тарау)
- 25-мақала: «Аметист туралы». (6 тарау)
- 26-мақала: «Хамахан туралы». (6 тарау)
- 27-мақала: «Нефрит туралы». (5 тарау)
- 28-мақала: «Яшма туралы». (5 тарау)
- 29-мақала: «Сутас туралы». (6 тарау)
- 30-мақала: «Талк туралы». (6 тарау)

Мақалалардағы тарау саны әртүрлі. Кейбір мақалаларды автор жайып көрсетсе, басқаларына қысқаша тоқталған. Мәселен, ғалымдар арасында жақұт – тастардың мырзасы саналғандықтан, оған зерттеудің басым үлесі тиген (Набила Абд-Мунъим Дауд. Қолжазба. 7 б).

Осыретте айта кететін жайт – Б. Қыпшақидың асыл тастарды жіктеуі Орта Азиялық атақты ғалым Әбу Райхан әл-Бирунидің «әл Джамаһир фи [мағрифат] әл-джауаһиріне» ұқсас сияқты. Байлақ Қыпшақи да тарау аттарын әл-Бируни секілді «мақала» деп атаған. Әбу Райханның «Әл-Джамаһирі» көлемді үш мақаладан тұрады. Орта Азия ғалымының аталмыш еңбегін құрастырып зеттеген Йусуф әл-Нади. Теһранда 1995 жылы шыққан әл-Бируни еңбегі 562 бет. Әбу Райхан бірінші мақаласында 30, екіншісінде 8, үшіншісінде 3 асыл тастарға си-

паттама жасаған (Әбу Райхан әл-Бируни, 1995). Әбу Райхан шығармасына қарағанда Байлақ Қыпшақи туындысы одан үш еседей аз, яғни көлемі шағын.

Бірінші мақала

- Жақұт – 107-155-беттер.
 Бадахши лағылы – 156-163-беттер
 Күлгін рубин – 164-169-беттер
 Алмас – 170-183-беттер
 Агат – 184-187-беттер
 Інжу – 188-261-беттер
 Зумрад – 262-275-беттер
 Бирюза – 276-279-беттер
 Ақық – 280-283-беттер
 Оникс – 284-291-беттер
 Кристалл – 292-300-беттер
 Қызыл коралл – 301-306-беттер
 Аметист – 307-309-беттер
 Лазур – 310-312-беттер
 Жасыл тас (хризолит) – 313-315-беттер
 Яшма – 316-319-беттер
 Обсидион – 320-322-беттер
 Безоар тасы – 323-327-беттер
 Уға дәру парсы тасы – 328-330-беттер
 Мумийа – 346-350-беттер
 Жылан тасы (тасмоншағы) – 336-337-беттер
 Мүйізтұмсық мүйізі – 338-341-беттер
 Янтарь (кәріптас) – 342-345-беттер
 Магнит – 346-350-беттер
 Парсы тауының қара тасы – 351-353-беттер
 Гематит – 354-355-беттер
 Қырыну тасы – 356-бет
 Жаңбыр жаудыратын тас – 357-360-беттер
 Шар сияқты шағын бұршақ – 361-362-беттер
 Шыны – 363-366-беттер
 Эмаль – 367-368-беттер
 Фарфор – қытай фарфоры – 369-370-беттер
 Шыныға ұқсас рубин (қызыл тас) – 371-373-беттер

Екінші мақала

- Метал – 377-378-беттер
 Сынап – 379-381-беттер
 Алтын – 382-394-беттер
 Күміс – 395-398-беттер
 Мыс – 399-402-беттер
 Темір – 403-414-беттер
 Қорғасын – 415-418-беттер
 Графит – 419-422-беттер
 Мырыш – 423-425-беттер
- Үшінші мақала*
- Ашудас – 429-430-беттер
 Исфизар тасы – 431-433-беттер
 Мыс – 433-434-беттер
 Мыс (мыстың тағы бір түрі) – 435-436-беттер

Сөйтіп бірінші мақалада 30, екіншіде 8, үшіншіде 3 сыпаттама бар. Балқитын металдар бөлек көрсетілген.

Байлақ әл-Қыпшақи туралы

«Китаб канз ат-тиджар фи маърифат әл-ахджар» авторының өмірі туралы татымды мәлімет жоқ. Бұрындары оны «Китаб амал ас-сансаъат уа-л амал биһаның» редакторы Даһман, Ридуан ас-Саъатиден (?-1223) басқа ешкім зерделемеген.

Дәрігер, философ, жұлдызшы, әдебиетші Ридуан бин Мұхаммед бин Әли бин Рүстем әл-Хурасани ас-Саъати (?-1223) Дамаскіде туылып, сонда дүниеден өткен. Иса әл-Малик әл-Әділге қызмет еткен.

Даһман «Китаб канз ат-тиджар...» авторын Байлик ибн Абдулла әл-Қипчақи» деп көрсеткен де «Қыпшақи Қыпшақ деген жерге, бәлкі, Қыпшақ тайпасы тұрған Кеңес Одағының оңтүстігіне [сондай-ақ, Сейхунның (Сырдария) төменгі ағысындағы қыпшақ тайпалары тұрған жерге, Қыпшақтар онда қазір де тұрады – Ә.Д.] қатысы бар» деп жазса, Заһир Хумейдан: «Біз ол туралы автордың кітабында жазғанынан ғана, атап айтқанда, ол 659//1260 ж. Каирде болған және Ридуан ас-Саъатидың кітабын басынан аяғына дейін өз қолымен көшірген... араб тілінен жеткілікті білімі болмағандықтан, арабша бұрмалап (Ә.Д.) сөйлеген» деп Байлақты жазғырыпты.

Әрі қарай: «Оның еңбектері ішінен тек қана «Китаб канз ат-тиджар фи маърифат ал-ахджарын» ғана білеміз» дейді. Трактатпен танысқаннан соң, автордың өмірбаяны туралы аз ғана жаңа ақпарат оқыдық. Дегенмен, бұл мәліметтер толық емес. Әл-Қыпшақи өзі туралы әңгімелегенде қажетті мерзімдерді нақтылап отыратынын байқаймыз. Мәтіндер арасынан төмендегідей деректерге көңіл аударуға болады. Ол мүйіз, жыланның бас сүйегі туралы былай дейді: «Бала кезімде, 1229 жылы Дамаскіге саудамен айналысқан ұстазыммен бірге келдім. Ол маған Умм Хамид атты делдал келіншекті іздеп табуды тапсырды. Мен оның қолынан қанжарды көріп «бұл не?» деп сұрадым. Ол: «Бұл – тафрут» деді. Сабы жыланның мүйізінен жасалған. Ол Аджлун қорғанының негізін салған Әмір Из ад-дин Усамадан мұра боп қалған. Қанжардың құны 15 мың насри дирхамы деді. Сөйтті де сатар-сатпасын ұзақ ойланды. Одан кейін, ұзындығы, ені мен қалыңдығы тап сондай қанжарды көрген емеспін» деп жазған (Набила Абд ал-Мунъим Дауд. Қолжазба, 7).

Бұған қарағанда 1229 жылы Ала ад-дин Байлаққа жас болса да сауда және саяхат саласында жұмыс жасауға рұқсат берілген көрінеді. Осы мерзім оның өмір жолының басы мен ұстаз басшылығымен жұмыс жасай бастаған кезіне меззейді. Қыпшақ перзенті бала кезінен асыл тастарды зерделеумен тереңінен айналысқан деуге болады. Өйткені ол делдалдан көрген тасының құнын анықтай алғанынан-ақ білініп тұр. Ал, осындай қанжарды бұрын-соңды көрмедім дегені – оның ұстазымен бірігіп тас саудасымен ұзақ айналысқанын көрсетеді.

Бұл мәліметтер оның Египетте болып, кейіннен Дамаскіге сауда мақсатымен жолға шыққандығын байқатады. Сондай-ақ ол 1229 жылы тастардың құндылығы туралы былай дегені: «Ұстазым Сұлтан Муджир ад-дин Йакуб ибн Сұлтан әл-Мәлік әл-Әділ (?-1256) маған Джалал ад-дин Хорезмшаһтың Хилат (Арменияның Ван көлі маңындағы қала, камал) қаласын жаулап алғанын, кейіннен, 1220 ж. рамазан айының аяғында Сұлтан Малик Ашраф шаһ Оздемир (?-1280) мен римдік әскербасы сұлтан Ала Кикбазден жеңіліп қайтқаны туралы хабарлады. Анас Хорезмшаһ сұлтанмен шарап ішіп, садақ атқаннан кейін маған: «Сұлтан маған асыл тастарын көрсетті. Дорбашадан тасты шығарып, тілмашқа қарап: «Осы тастарда не бар? Мәліктен сұрашы» деді. Мен: «Алла мен патша артық біледі» деп жауап бердім. Ол: «Егер осы тасты суы бар ыдысқа салсақ, Алланың рахымымен, қалаған кезімізде жауын жаудыра аламыз...» деді.

Мәтін оның асыл тастар туралы білігінің бар екендігін және олар туралы жаңа дерек табуға деген талпынысын көрсетеді. Әл-Қыпшақидың сөзіне қарап оның Аййуб әулеті патшаларымен байланысы болған деп ойлаймыз. Муджир ад-дин Йакубты ұстазым дегенде Муджир ад-дин Йакубтың асыл тас туралы ғылымдағы нағыз ұстазы ма, я болмаса оны құрмет тұтқандығы ма, онысы бізге белгісіз. Бізде осы жайтты куәландыратын мәліметтер болмағандықтан, оны растай алмаймыз. Бәлкім, «ұстаз» сөзі оны құрметтегендіктен немесе Муджир ад-дин Йакубтың асыл тастарды зерделеп, оларды сатып алумен айналысқандығы үшін де айтылуы мүмкін. Әл-Қыпшақи тәжірибелі саудагер болған. Оған жыландардың бас сүйегінен жасалған қанжар саптары туралы тараудағы сөздері куә. «Мұндай саптарды Бану Аййуб пен оларға жақын нөкерлер санатындағы біздің ұстаз сұлтандар қолынан көрген. Сұлтандар осы саптарды ас-су ішкенде иістен бұзылады, дейтін.

Саптарды олар жыланның бас сүйегі емес, мүйізі деп, саптарды «харту» деп атайтын, ол балықтың азу тістерінен жасалатын сапқа ұқсайтын. Мен сұлтан Мәлік әл-Муъизза Муджир ад-дин Йакубтан, Алла кешірсін, 30 динар тұратын сапты да көргем» дейді Набила Абд ал-Мунъим Дауд. Қолжазба).

Әл-Қыпшақи трактатында атап кеткендей, ұстаздары санатынан тек Муджир ад-дин Йакубті ғана білеміз. Бізде өзге ұстаздарына қатысты мәлімет жоқ. Әл-Қыпшақи Муджир ад-дин Йакубты ұдайы ұстазым деп атайды. Осы саладағы нақтылығы мен асыл тастарға деген қызығушылығы оның осы ғылымдағы терең танымын көрсетеді. Тағы бір әңгімесінде Ада ад-дин Байлақ 1275 ж. Дамаскіде болғандығын айтқан. Магнит жайлы сөз қозғай отырып: «Бағытты айқындайтын жұлдыздар көрінбей, күн бұлтты болған кезде, Шам билеушілері су құйылған ыдысты кемеңнің ішіне, желсіз жерге қоятын. Сосын, инені шеге немесе сабанмен тесіп, оған крест пішінін береді және оны суы бар ыдысқа салғанда, ол су бетіне қалқып шығады. Сонан соң алақандай немесе онан кішірек магнит тасты су бетінен жақындатып, оң жақ бағытқа қолымен айналдыра қозғаған. Ине айнала бастағаннан кейін, олар сол арада қолын көтергенде, ине оңтүстік немесе солтүстіктің қайда екендігін көрсеткен. Осы әрекетті 1275 ж. Триполиден Шамға, Александрияға баратын кемеге отырғанда, өз көзіммен көргенім бар» деп жазады Байлақ әл-Қыпшақи.

Швейцария ғалымы Адам Мецтің компас туралы жазбасында айтылған Қыпшақи, біз сөз етіп отырған Ала ад-дин Қыпшақи деп ойлаймыз.

Осы әңгімелерден Ала ад-диннің көп саяхат жасағаны және ұғымталдығының өткірлігін растайды. Ол Египетті тастап, Шамға барғанына қарамастан, асыл тас туралы әңгімелерінде Египет туралы да жиі айтады. Әңгімелерінің бірінде ол Египеттің бір ауылында болған жайтты былай деп еске түсіреді: «Бұрындары, Египетте, Ніл өзені бойындағы Халуан ауылында адам мен жүк тасымалдайтын, граниттен жасалған паром болған». Осы мәтіндерден оның асыл тастарды зерделеумен айналысып, саяхаттарында уақытын пайдалы іспен өткізгенін аңғарамыз. Байлақ аталмыш кітабын 1275 ж. жазғанына қарағанда ол белгілі минералог Ахмад ибн Йусуф ат-Тифашимен (?–1256 ж.) бір кезде өмір сүрген. Өйткені Ала ад-дин хризолит тақырыбын қозғай отырып ат-Тифашиге сілтеме жасайды.

Өз әңгімелерінде ол шейх Әли ибн Абд әл-Уаһһаб әл-Халуати ад-Димашки тәрізді басқа

да замандастары туралы айтады. Мәтінде: «Ол жақұттың кен орнын біледі, өзі көрген. Оның кедей досы болған, ол қызыл-қыша түсті жақұттың құмын тазалап, күнін көрген. Ақыры, ол бір асыл тас тауып, кейбір ел билеушілерге 300 динарға сатқан. Осындай хабар билік тағындағыларға жеткен. Олар оны шақыртып, тасты қайдан тапқанын сұраған. Ол өз хикаясын айтып берген. Сонан соң, олар оған өз ауылынан (Тара) кетуін бұйырған. 1270 ж. кен орны қоршалып, күзет қойылды» деп жазылған.

Ол Египет туралы жиі айтып, тіпті, Бағдат пен Египеттегі нарық бағасына сүйеніп, асыл тастар құнын белгілей де алған.

Байлақ әл-Қыпшақи тағы бір әңгімесінде: «1245 жылы, 10 мұхаррам айының сенбісінде, Каирде, Баб ас-Саъадтағы ибн Дарбаас үйінің алдында отырғанымда бір жас жігіт келіп мені әңгімеге тарта бастады. Мен одан: «Атың кім?» деп сұрадым. Ол: «Өздемир» деді. Мен: «Сені басқалар қалай атайды» деп сұрадым. Ол: «Мені Тадж ад-дин Әлибек әл-Хорезми әмір деп біледі» деді. Мен: «Бізге сенде жауын мен жел шақыратын кішкентай тастар бар деген хабар жетті» дедім. Ол: «Шынында да солай» деді. Оның үш тасы болды, солардың біреуі қошқыл-қызыл түсті, төрт бұрышты, пішіні балғаның басына ұқсайтын. Қалған екеуі дөңгелек, ақ түсті еді. Бірінші тасты ол орамалға салып берді, бірақ, мен ұқыпсыздықтан оны жоғалтып алдым. Ол мені сол тасты қайтарып беруін сұрағанда, мен оны бермегенін айттым... Жоғалған тасын табудан үміті үзіліп жүргенде, ол Хорезм тұрғынынан басқа асыл тас сатып алды. Бұл Газа қаласында болып еді. Біз Каирге кіргенде, қаланың билеушісі Муъиз Изз ад-дин Айбек ат-Түркмани (1250–1257) әлігі асыл тастардың қасиеті туралы сұрады. Ол хабардың дұрыстығын растады. Кейіннен, әл-Барида ауылында тасты қала басшысына бірнеше рет көрсетті. Ол тасты мысығының үстіне қойды, сосын үстіне тышқанды немесе жыланды сойды, Хорезм тілінде түсініксіз сөздерді оқыды, сонан кейін, жаңбыр жауып, жел соқты» дейді (Набила Абд ал-Мунъим Дауд. Қолжазба).

Трактатта әл-Қыпшақидың сағат мәселесінде де білігі туралы айтылады. Жоғарыда, оның Ридуан ас-Саъаатидің кітабын көшіріп шыққанын айттық. Бұл оның сағатпен де айналысқанын көрсетеді. Сондай-ақ трактат «Кіріспесінде» Ала ад-диннің астрономия туралы да еңбектері барлығы айтылған. Оникс тақырыбын өрістете отырып ол: «Оникске суық пен құрғақтық сипатты. Ол жылдам өңдеуді қажет ететін аса қатты

тастардың бірі. Сондықтан, тастағы тесіктер кеңеймес үшін, құмсағат немесе сусағатты пайдаландым. Бұл тас маймен жақсы өңделеді. Оны ысқылағанда түсі ашылып, нұрлана түседі» деп жазған.

Аз болса да осы деректер оның өмірбаян дерегін толықтыра түседі. Олардың «әл-Қыпшақи Египетте туып, сауда-саттық мақсатымен басқа елдерге барған. Ол Аййуб әулеті (1169-1250 жж.) сұлтандарының замандасы еді. Оның осы әулет өкілдерімен тығыз байланысы сұлтандар жақсы көретін асыл тастардың білгір болғандығымен түсіндіріледі» деген де мағлұматтар бар.

Ала ад-дин Байлақ астрономия, арифметика мен геометрияның да білгірі еді. Осы ғылымдар бойынша да ол трактаттар жазған, бірақ олар біздің заманымызға дейін жетпеген сияқты. Ол туралы «Китаб канз ат-тиджар...» тараулары тізбектелген «Кіріспеде»: «Мен оқырмандарға мазмұнын түсінуі оңай болуы үшін трактатты 215 тараудан тұратын 30 мақалаға бөлдім. Астрономия, арифметика мен геометрия жайлы жазған кітаптарымды да осылайша еткенмін» деп жазыпты.

Әл-Қыпшақи Сириядағы Хама уәлайатының билеушісі Сұлтан Мәлік Мансұр Наср ад-дин Мұхаммедтің кезінде өмір сүрген дедік. Ол туралы трактатының «Кіріспесінде»: «Трактатымда оның аты мен мөрі болуы үшін, Алла өмірін ұзартқай, Сұлтан Мәлік Мансұр II Насыр ад-дин Мұхаммедтің кітап қоймасында қызмет еттім». Сұлтан Мәлік Мансұр Насыр ад-дин Мұхаммед ибн Умар ибн Маликшаһ ибн Аййуб, Хама қаласын 1244-1284 жылдары билеген, яғни ол 40 жыл салтанат құрды. Сұлтан 1280 ж. қайтыс болды» деп жазыпты.

Біз әл-Қыпшақидың 1280 жылдан кейін қанша өмір сүрген-сүрмегенін білмейміз. Қайтқан жылы да белгісіз. Тек бір жерде ғана оның 1291 ж. әлі тірі екендігі айтылған.

«Китаб канздың...» қорытынды бөлімінде: «Трактаттың соңы, Алланың даңқы арта берсін, иеміз Мұхаммед пен оның ұрпақтарына Алла риза болғай. Осы трактатты авторы Билек [Байлик] Қыпшақи Каирдың сарай құқығындағы Дарб ат-Тауус жерінде, 1281 жылғы Рабиъ әл-ахар айының ондары шамасында тәмамдады...» деп жазылған.

Байлақ бабаның өмірбаянына қатысты бар мағлұмат осылар ғана. Әл-Қыпшақи XIII ғасырда ғұмыр кешкен ғалымдар санатына жатады. Жазба деректемелерде ол туралы жазылмаған. Бірақ, Қыпшақ перзенті жайлы өмірбаяндық деректердің болмауы оның асыл тас-

тар саласындағы трактатының маңыздылығын кемітпейді.

Дереккөздер

Әл-Қыпшақи еңбегін жазуда сүйенген, пайдаланған деректемелеріне көңіл аударайық. Трактат «Кіріспесінде» ол төмендегі дереккөздерді атаған:

1 «Ал-Ахджар». Авторы ежелгі грек философы, алхимияның негізін салушы Гермес. Трактат «Кіріспесінде» «әл-Ахджарды» атағанымен, мақалалары мен трактат тарауларында оған сілтеме жасамаған.

2 «Сирр-т табиъа». Авторы ежелгі грек ойшылы Блинус. Одан әл-Қыпшақи жақұттың пайда болу себебі, жақұт түстерінің айырмашылығы, жақұт кен орындарына байланысты бірнеше дәйектеме келтірген.

Бұл ретте Ала ад-дин кітаптың өзіне ғана сілтеме жасамай, автордың атын ғана атайды. Мысалы: «Блинус алмасты балкитын тастарға жататын алтын тас» деген. Кейде бірақ ол автордың және оның кітабының атын да атайды. Тараулардың тағы бірінде: «Философ Блинус «Сирр ат-табиъа фи-л ила-л уа-л маълуматында» тастың көптеген түрі бар» деп жазыпты. Сондай-ақ ол «Сирр ат-табиъаның...» «Балхаш тасының пайда болу себебі жайындағы тарау», «Зұбаржад, қызыл жақұт және оны зеңгір түске өзгеруі туралы тарау», «Алмас және оның сипаттамалары туралы тарау», «Халцедон және оның түзілу себептері туралы тарау», «Малахит пен оның түзілуі туралы тарау», «Сутас пен оның түзілуі туралы тарау», «Мысты тастар мен олардың түзілуі туралы тарау» іспетті тарауларына сілтеме берген.

3 «Китаб канздың...» бірнеше жерінде ежелгі грек философы, Платонның шәкірті Аристотельдің «әл-Ахджар» кітабының «Жердегі теңіздер туралы», оған от үрлегенде көріктірек, қызылырақ болатын «Қызыл жақұт туралы», «Магниттің түзілу себептері туралы» тарауларынан дәйектеме келтірген. Сонымен қатар магниттің емдік қасиеттері туралы айтқанда «босануын жеңілдету үшін әйел кеудесіне магнит қою керек» дейді. «Алмас пен алтын арасында күшті байланыс бар», сонымен бірге көгілдір ақықтың түзілу себептері, түсінде шошынған балаларды емдеуде қолданылатын әтештер ішіндегі тастарды қолдану туралы айтқанда да Аристотель еңбегіне сүйенген. Қыпшақ ұланы тағы бір тұста «Теңіз жағасындағы таулардың бірінде магниттің мол көлемі шоғырланған. Кемелер осы

тауға жақындағанда бүкіл шегелерінен айрылатын» деген жолдарды да Аристотель еңбегінен алған. Трактат «Кіріспесінде» магнит, алтын және александрит туралы жазған жерінде де Аристотель кітабына сүйенген, шығармасының қалған бөлігінде оған басқа сілтеме жасамаған.

4. «Әл-Ахджар» кітабының авторы Афростин немесе Афростос. «Хрусталь шыны тәрізді балқып, боялады» деген жолдарды ол әл-Қыпшақи осы кітаптан алған.

5. «Әл-Ахджардың» авторы ежелгі грек ғалымы Растин. Одан «іш бұрап ауырып, асқазан бұзылғанда, қарынның сырт жағын таңған кезде, алмас көмектеседі» деген үзіндіні осы кітаптан келтірген.

6. Кейінгі Эллинистік кезең астрономы, астролог, математик, механик-оптик, музыка теоретигі және географ, Египеттік Александрияда өмір сүріп, қызмет еткен, астрономиялық бақылау жүргізген Клавдий Птоломей. Әл-Қыпшақи оған сілтеме жасамаған және оның кітаптарынан үзінді келтірмеген.

7. Джалинсун (Римдік дәрігер, анатом, фармаколог Гелен болуы мүмкін – 11ғ.). Әл-Қыпшақи оның «әл-Адуия әл-муфрада» кітабынан «нефрит асқазан ауырғанда көмектеседі» деген үзінді келтірген.

8. «Әл-Хашаиштың» авторы, көне грек дәрігері, ботаник және философ, морфин шырынының дәрілік қасиеті барлығын анықтаған Дискуридис. (Диоскорид) – б.з. I ғасыры). Морфин әуелі Кіші Азияның (Түркияның) оңтүстігінде, содан соң Еуропаға тарап, пайдаланыла бастаған.

Осы ретте Талис атты көне грек философы туралы да айта кетейік. (Орыстар оны Фалес, ағылшындар мен арабтар Талис деп жазады. Талис – [б.ғ.д. 625-545 ж.] ежелгі грек философы, антикалық және еуропалық ғылымның негізін салушы. Аристотель оны тұңғыш Йони философы деп атаған.

Талис кіші Азияда (қазіргі Түркияда) туылған. Бірқатар Шығыс елдерін аралаған. Египет діндарлары (жрецты) мен Вавилон халдейлерінен дәріс алған. Египеттен элементарлы геометрияның теориясын Грекияға әкелген» (Фаласифат йунанйун мин Талис ила Сукрат, 1985). Әл-Қыпшақи «жануарлар қарнында түзілетін тастар туралы» дәйектемені Талис еңбегінен алған. Сондай-ақ «тауық асқазанында түзілетін тасты қояншығы ұстайтындарды емдегенде қолданған» деген жолдар да Талиске тиесілі (Набила Абд ал-Мунъим Дауд. Қолжазба).

Ала ад-дин Байлақтың Блинус, Аристотель, Афростин, (Афростос), Растин, Птоломей, Джа-

линус (Гелен), Дискуридис (Диоскорид) секілді көне грек ғалымдарының еңбектеріне сілтеме жасағанына қарап, қыпшақ ұланы өмір сүрген кезде олардың шығармаларының араб тілінде аудармалары болған-ау деп ойлаймыз. Әйтпесе әл-Қыпшақи трактатының ешбір жерінде ежелгі грек тілін білетіндігі туралы тіс жармаған.

9. «Әл-Ахджардың» авторы Линанус ал-Антаки. Осы кітаптан алынған үзіндіде оникстің пайдасы туралы айтылған.

Енді араб тілді авторларға тоқталайық.

10. «Манафий әл-ахджардың» авторы Атарид ибн Мұхаммад әл-Хасиб (?–819). Оның еңбегінен әл-Қыпшақи сутастың қасиеті туралы айтылған үзінді келтірген. «Атарид ибн Мұхаммед әл-Хасиб: «Егер хрусталь немесе сутасты (кристалл түрлерінің бірі) алып, бейсенбінің бірінші жартысында, Ай Есекқырған деңгейінде болған кезде, тасқа қолына асатаяқ немесе найза ұстап, жамылғы киген, бүркіт үстінде отырған ер адамның бейнесін ойып, ал, бүркіттің төменгі жағына «уау-фа-син-айн-каф» бес әріпін жазып, осы тасты сары түсті сақинаға қондырып, сонан соң, тас астынан дәстүргүл сәулесін өткізіп, күн шығар алдында, бейсенбі күні тақса, сақина иесі Алладан не сұраса да, Алла оның өтінішін міндетті түрде орындайды депті» дейді.

11. «Асрар әл-хулафаның» авторы әдебиетші, тарихшы және географ Әл-Масъуди Әли ибн әл-Хұсейн (? – 956 ж.). «Ассирия күнтізбесінің наурыз бен сәуір және копт күнтізбесінің барамхат пен бармуда айларында, інжу мекендейтін теңіздерде жаңбыр молынан жауады. Осы кезде інжу бақалшығы су бетіне шығып, жауын суына қанығады. Осындай жаңбырды берберлер «наурыз жауыны» деп атайды» деген үзіндіні әл-Қыпшақи біздің заманымызға жетпеген әл-Масъудидың аталмыш кітабынан алуы мүмкін. Сондай-ақ, Ала ад-дин әл-Масъудидің аталмыш кітабынан тағы да «теңіз жағасындағы таулардың бірінде магниттің мол көлемі шоғырланған. Кемелер осы тауға жақындаған кезде, бүкіл шегелерінен айрылатын» және «Қызыл-қара қоспалы сары тас түріндегі алтын, күміс магниті һәм кеніштегі малахиттің түзілу себебі туралы» айтқанда да ал-Масъудиге сілтеме жасаған.

12. Әбу Насыр Мұхаммед бин Тархан бин Узлаг Әл-Фараби ат-түрки (870-950) әл-Қыпшақи зұбаржад жайлы үзіндіні Әбу Насыр әл-Фараби кітабынан алған. Бірақ ол Әбу Насыр әл-Фарабидің қайсы еңбегі екенін айтпаған.

13. Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Мұхаммед әл-Ғазали (1058-1111). Әл-Қыпшақи «Таза күмістен даярланған тақтай немесе тақтаны

Ай шығыста орналасқан кезде алты шаршыға бөлсе, ол әйелдің тез босануына, тұтқынның бостандыққа шығуына, кез келген қиындықтан арылуға көмектеседі. Астрологтар осылай деп есептейді» деген жолдарды осы Имам әл-Аухад Әбу Хассан Мұхаммед ибн Мұхаммед әл-Газалиден алған.

14. «Шарх тасабиий Апкраттың» авторы Орта Азиялық көрнекті ғалым Әбу Райхан Мұхаммед ибн Ахмед әл-Бируни (973-1048). Әл-Қыпшақи оның еңбегінен төмендегі үш үзінді келтірген:

Біріншісінде оның алмастың қасиеті туралы айтқандарын дәйектеме еткен.

Екіншісі алтын кен орнына қатысты. Онда Ала ад-дин әл-Қыпшақи «Әбу Райхан Мұхаммед ибн Ахмед әл-Бируни жазған көне грек емшісі, дәрігер, философ Гиппократтың «ат-Тасабиий» кітабының қысқаша мазмұндамасында, алтын кен орнының Забулистандағы Хашбаджиде орналасқандығы айтылған» деп жазған.

Үшіншісінде, хрустальдің сапалы сорттары әңгімеге арқау болған: «1039 ж. Әбу Райхан Мұхаммед ибн Ахмед әл-Бирунидің қолымен жазылған «Шарх тасабиий Апкраттың» 12-сөзінде «оның қолына ішінде иісі аңқып тұрған қызғалдағы бар хрусталь түскендігін жазған», – дейді.

Апкрат [Гиппократ] дегенде Хорезмнен шыққан «екінші Гиппократ» [арабша – Апкрат] атанған белгілі ғалым, дәрігер Зайн ад-дин Әбу-л-Фудаил Исмаил ибн Хусайн әл-Джурджани әл-Хорезми (1042-1136) айтылса керек. Онда ол көне грек медицинасы мен бұрынырақ өткен Гелен, Гиппократ, араб дәрігері және әдебиетші Әбу Бакр ар-Рази (865-923) мен Ибн Синаның (990-1037) еңбектерін зерделеуге көңіл бөлген (Набила Абд ал-Мунъим Дауд. Қолжазба).

Әл-Қыпшақи осы дереккөздердегі мәліметтерді баяндауда тиянақтылық көрсеткен.

15. Халифа Харун ар-Рашид (786-809) тұсында өмір сүрген алхимия, медицина, астрономия, математика, оптика, әскери істер, филология, философия және дін саласының да білгірі Джабир ибн Хайан ас-Суфи (721– 815). Әл-Қыпшақи «Китаб канздың...» «Кіріспесінде» және негізгі бөлігінде Джабир кітаптарынан тікелей үзінді келтірмеген. Алайда, ол оның «ар-Рахмасындағы» деректерге сүйенуі мүмкін.

16. Исхак ибн Мурайхила (немесе Мурайджила) әл-Йаһуди. Әл-Қыпшақи алтын кен орындарын сөз еткенде осы автордан «Египетте алтынды 7 жерде өндіреді, соның бірі – Бухейрадағы Тахла Уафид қалашығында» деген жолдарды дәйектеме ретінде алған.

17. Халифа ал-Мұғтасим (?-833) тұсында өмір сүрген Салмауайх ибн Баннан ат-Табиб (?-840). Әл-Қыпшақи оның еңбегінен магнит туралы дәйектеме келтірген. «Егер магнитті қолда ұстаса, артрит пен буын ауруларына көмегі бар, сонымен бірге, оны сіреспені емдеуде пайдаланады» дейді.

18. «Әл-Миа». Авторы әл-Масихи (977-1011). Әл-Қыпшақи «өңеш пен асқазан ауруларына яшма көмектеседі» дегенді осы автор кітабына сүйеніп айтқан. Тағы бір үзіндіде Ала ад-дин «қан ауруларын емдеуде қолданылатын талк тасы туралы» да айтқан.

Б.А. Розенфельд, М.М. Рожанская, З.К. Соколовскаялардың «Әбу-р Райхан әл-Бируни (973-1048). Москва, 1973» атты еңбектерінің 12, 27, 95, 234, 251, 259-265 беттерінде Әбу Райхан әл-Бирунидің «Минералогиясына» байланысты Әбу Саһл Масихиді айтатындарын да еске ала кеткен жөн.

19. «Әл-Иршад». Авторы Ибн Джамиий атабаб (?-1198). «Китаб канзде...» әл-Қыпшақи жануар безоары мен оның қасиеттері туралы үзінді келтірген.

20. Ахмед Махальхам ал-Джаззар (818-979). Әл-Қыпшақи «Китаб канз...» «Кіріспесінде» осы авторды атағанымен, кітабынан үзінді келтірмеген.

21. «Ал-Джауаһир уа сифатуһаның» авторы Йуханна (немесе Йахья) ибн Масауайх. Әл-Қыпшақи оның еңбегінен жақұт туралы үзінді келтірген: «мысқал болатын жақұт тасын көргені туралы Йахия Ибн Масауайхтан жеткізілді» десе, тағы бір жерде алмас туралы айта келе: «Йуханна ибн Масауайх алмас Үндістан жазирасында орналасқан. Олардың қойнауына ешбір адам баласы жете алмаған» деп екі үзіндіні келтіргенімен авторды атамаған. «Әл-Джауаһир уа сифатуһа» белгілі трактат болғандықтан, нақтылауды қажет етпеген болар деп ойлаймыз.

22. Хасан ибн Мұхаммад әл-Басри дегенде әл-Қыпшақи мүмкін Ибн Хайсамды (?– 1028) айтқысы келген болар? Бірақ Ибн Хайсама кітабына сілтеме жасамаған [11].

Бұлар әл-Қыпшақи трактатында аттары аталған ғалымдар. Әл-Қыпшақи бірде кітап пен оның авторы туралы толығырақ жазса, енді бірінде тек автордың аты-жөні мен кітап атын жазумен ғана шектелген. Кейде базғы бір кітаптардан үзінді келтіргенімен, авторы мен трактат атын атамай кеткен.

«Китаб канздың...» негізгі бөлігінде сілтеме ретінде берілген дәйектемелер төмендегілер:

«Азһар ал-афқар фи джауһар ал-ахджар». Авторы минералог Ахмед ибн Йусуф ат-Тифаши (?-1253). Әл-Қыпшақи көптеген ғылыми мәселелерге байланысты ат-Тифаши пікірлерін анда-санда сынағанына қарамастан, еңбектерінен» 18 дәйектеме келтірген. Ол «Китаб канзды...» жазу барысында, ол ат-Тифаши әдіснамасын ұстана отырып, оған болмашы ғана толықтырулар енгізгенін айтқан. Ат-Тифашидың деректерін әл-Қыпшақи шамалы лексикалық өзгеріс енгізіп пайдаланған. Жақұт кен орны туралы айтылатын жерде ол ат-Тифашидың атын атағанымен, кітабын көрсетпеген: «Ат-Тифаши «жақұтты Египеттегі Тара ауылында өндіреді деді» деумен шектелген. Зұбаржат кен орны туралы: «ат-Тифаши Египеттегі кеншілердің басшысы оған сұлтанның зұбаржадты қазып алуын немесе зұбаржат кен орнынан табылатын талқтасын қазып алуды бұйырғаны туралы айтты» деген.

Аталмыш асыл тастың құндылығы туралы сөз еткенде «ат-Тифаши Хасиб Муъин ад-дин қазы аш-Шаат жазирасында құны 88 дирхам болатын зұбаржадтың белгілі кен орнын тапқанын хабарлаған» дейді. Хризолит туралы үзіндіде «ат-Тифаши осы жылдарға қатысты, оның кітабы жазылған 1242 жылды тұспалдап, кен орындарында хризолит атымен болған емес. Оны тек қолдан, кішкене асыл тас түрінде ғана сатып алуға болатын еді. Бұл тастарды адамдар ескі археологиялық ескерткіштерді талап-тонау арқылы сатып алған деді» дейді.

Ат-Тифаши кітабынан алынған келесі үзіндіге де көңіл аударайық. Онда ол Балхаш тасы және оның түзілу себебі туралы айтылатын трактаттың 8-мақаласына сілтейді де: «ат-Тифаши балхаш, гранит пен баджади тастары жақұтқа ұқсайды» деген дейді.

Әл-Қыпшақи ат-Тифаши кітабынан тағы бір үзінді келтірген: «ат-Тифаши Балхашан жерінде балхаш тасының кен орнына жеткен адам туралы айтып берді. Ол парсы саудагері болатын және жер қойнауынан балхаш тасын жер бетіне шығаруға қатысқан» деп жазған.

Алмастың түрлері туралы үзіндіні де ат-Тифаши кітабынан алған. «Китаб канзды...» 2-мақаласында «ат-Тифаши асыл тастарды сатып алу үшін Үндістан мен Қытай елдеріне жиі барған шетелдік саудагерлер, онда жарқылдайтын алмастың түрі бар екендігін айтты дейді». Ат-Тифаши кітабынан алынған мысықкөздің қасиеті мен оның пайдасы жайлы: «әл-Ахджар» кітабынан мысықкөз тасы туралы айтылғандарды ат-Тифаши таппапты,

сондықтан, бұл тасты тек жақында ғана табылған деп есептейді». Безоар туралы үзіндіде «ат-Тифаши Аджлун қорғанының иесі Әмир Сайф ад-дин Әли ибн Калдж (?-1243) безоар тасының бірнеше түрін көргені туралы айтқан» дейді.

Ат-Тифаши кітабынан алған жануар безоары туралы үзінді «Китаб канзды...» 13-мақаласының 7-тарауында «Ат-Тифаши» асыл тастардың білгірі санатындағы, сенімге ие шейхтардың бірі, оған безоар тасын сындырып, тас ішінен шөп тапқанын айтқан» дейді.

«Китаб канзды...» 14-мақаласында «Түйе денесіндегі заһарлы бөліктер мен жыланның бас сүйегі туралы үзінді келтірген: «безоар тасының түйеден шығатыны – Алла жаратқанының ғажабы» деген жолдар ат-Тифашиде бар дегенімен ат-Тифаши кітабында ол кездеспейді деп жазған.

Әл-Қыпшақи «Китаб канзды...» 4-тарауының 14-мақаласында жаңбыр жаудыратын тас түрлері туралы сөз еткен. Осы ретте ол: «Бұхара мен Самарқан арасында Сұлтан Малик Ала ад-дин Мұхаммед Хорезмшаһ әскері санатынан осы тасты қолданған адамды ат-Тифаши көрген. Бірақ бұл дерек те ат-Тифашидың еңбектерінде жоқ» деп жазған.

Әл-Қыпшақи 5-тараудың 14-мақаласында «Ахмад ат-Тифаши бірде Тұман атты қыпшақ түркілерінің қаласына барған. Ол сол қалада жаңбыр жаудыратын жыландар болған деп» деп жазған. Бұл үзінді әйткенмен ат-Тифашидың еңбектерінде кездеспейді» дейді.

Ат-Тифаши кітабынан алынған маржан туралы келесі үзіндіні әл-Қыпшақи 23-мақаласында келтірген: «Ат-Тифаши суда жануарларға да, өсімдіктерге де жатқызылған жанды мақұлық бар. Оларды теңіз губкасы деп атайды деген».

Ат-Тифаши тағы бір мағлұматында «ұзындығы бір жарым қарыс, ені үш саусақ болатын маржандардан даярланған сиясауытты көргендігін айтқан және оның үстіндегі қақпағы қызыл-сары түсті деген. Бірақ ат-Тифашидың «Азһар ал-афқар» кітабында бұндай деректер жоқ дейді.

«Китаб канзды...» 3-тарауының сапалы хрусталь туралы 29-мақаласында ат-Тифаши кітабынан келтірген үзіндіде: «ат-Тифаши еуропалық саудагерлер Марокко короліне екі бөліктен құралатын хрусталь күмбезді сыйға тартқан» дейді.

Ат-Тифаши кітабынан алынған келесі үзіндіде теріні оттан қорғау үшін талқтасын қолдану туралы айтылған 6-тараудағы 30-мақаласында: «Ат-Тифаши әл-Масъудидың «Асрар ал-хулафа»

кітабына сілтеме жасай отырып, қару немесе жылқы үстіндегі жабындарды даярлау туралы баяндаған» дейді.

23. Египет пен Сирияда Тулун әулетінің негізін қалаушы Ахмед ибн Йусуф Катиб Ибн Тулун . Ибн ан-Надим оны Ахмад ибн Йусуф әл-Мухандис әл-Мисрий (835-884) деп көрсеткен. Әл-Қыпшақи оның кітабынан безоарға сурет қашау кезіндегі ерекшеліктерге байланысты бір үзінді келтірген: «Ахмад ибн Йусуф Катиб ибн Тулун Клавдий Птоломейдің «ас-Самаа» кітабының түсіндіруші» дейді.

24. Философ Йакуб ибн Исхак әл-Кинди (?–874). Әл-Қыпшақи оның еңбегінен 4 үзінді келтірген. Біріншісінде інжуді ойып алудың, інжу жинауда суға сүңгу орындарын белгілеудің тәсілдері мен уақыты. Екінші үзіндіде алмастың құндылығы мен оның бағасы туралы айта келе «Йакуб ибн Исхак әл-Кинди «ал-Ахджар» кітабында былай деді...». Үшінші үзіндіде көгілдір ақық туралы «әл-Кинди салмағы бір жарым окий болатын көгілдір ақық көрдім...». Төртіншісінде сапалы хрусталь туралы әл-Кинди» жүзден аса бөлікке бөлетін хрустальдың тетіктері бар деген» дейді.

Египет пен Сириядағы Тулун әулетінің негізін қалаушы Ибн әл-Джаззар атымен белгілі Ахмед ибн Әбу Халид (865-905ж.). Ол да «әл-Ахджар» атты еңбек жазған. Әл-Қыпшақи одан екі үзінді келтірген: біріншісінде жануарларда түзілетін тастар туралы «Ибн әл-Джаззар атымен белгілі Ахмед ибн Әбу Халид «әл-Ахджарында» атап өткен» дейді. Екіншісінде үзіндіде көгілдір ақықтың құндылығы туралы «Қатарлықтар эликсирді даярлау кезінде көгілдір ақықты қосады, оны Ибн әл-Джаззар (898-979) «әл-Ахджарында» растайды» деп жазған.

25. «Тухфат ал-мулуктың» авторы Мұхаммед ибн Закария ар-Рази (865–925). Әл-Қыпшақи «Тухфаттан...» «саусағына аметист таққан адам шараптан мас болмайды» деген үзінді келтірген.

26. Халифа Нарун ар-Рашид билігі кезде өмір сүрген Ибн Джахар Бахыт. Оның толық аты-жөні Сахарбахыт ибн Иса ибн Масарджауайх болуы мүмкін. Одан алынған үзіндіде әл-Қыпшақи талк тасының табиғаты мен оның пайдасы туралы айта келе: «Ибн Джахарбахыт талк тасы ісіктерді емдеуде көмектеседі деген» дейді (Набила Абд ал-Мунъим Дауд. Қолжазба).

Сөйтіп Ала ад-дин әл-Қыпшақи сілтеме жасаған дәйектемелер сан алуан.

Ала ад-дин әл-Қыпшақидың «Китаб канзды...» жазудағы әдіснамасы:

1 – Трактатты құрастыру себебін түсіндіре отырып ол: «Кедейге де, байға да асыл тастар керек болғандықтан, мен осы трактатты жаздым» дейді.

2 – «Кіріспесінде» «оңай өндіріліп, оңай сатып алынатын тастар туралы айта келе: «сирек кездесетін асыл тастар туралы жазудың оқырманға еш пайдасы жоқ» дейді де әрі қарай «Кейбір кітаптарда тек асыл тастардың пайдасы туралы айтылған. Мәселен, «әл-Хауас». Тағы бір трактаттары тек асыл тастардың пайдасы мен олардың қасиеттері, сондай-ақ, құны туралы айтылған. Оған мысал ретінде Ахмед ат-Тифашидың кітабын айтуға болады. Осы айтылғандарды ескере отырып «Китаб канз ат-тиджар...» асыл тастар туралы қалған шығармалардан пайдалырақ, өйткені, ол жоғарыда келтірілген тақырыптарды қарастырып, тұмарлар мен суреттер қашалған тастардың пайдасы туралы мағлұматпен толықтырылды. Сондықтан ол «Китаб канз...» асыл тастар туралы барлық кітаптар арасындағы ең пайдалысы» деген.

3. Әл-Қыпшақи асыл тастарды зерделегенде ат-Тифаши әдіснамасын ұстанған. Айырмашылығы – басқа да асыл тастар түрлерін қосып толықтырып отырған. Барлық асыл тас пен оларға байланыстының бәрін мүмкіндігінше молығырақ сипаттаған. Егер ат-Тифаши 25 асыл тас ғана сыйпаттаса, әл-Қыпшақи 30 асыл тас сипаттаған. Әл-Қыпшақи жаңа асыл тастар санатына мыс, алтын, күміс, жыланның бас сүйегі, мыс магниті, бетегебоз бен қызыл-күрең кварцитті жатқызған.

4. «Китаб канзде...» сөз болған алғашқы асыл тас – қызыл мыс, соңғысы – талк. Бірақ ол асыл тастарды осылай жіктеу себебін түсіндірмеген. Осы жағынан қарағанда оның асыл тастар туралы кітабы өзге авторларға ұқсас. Мысалы, ат-Тифаши мен Ибн Акфани де өз кітаптарында жақұтты зерделеуден бастаған, бірақ, ешқайсысы асыл тастардың осылайша жіктелуіне түсінік бермеген.

5. Әл-Қыпшақи ат-Тифашиге иек артып, трактатында көп мәрте сілтеме жасағандығына қарамастан, азырақ лексикалық өзгерістер де енгізген. Әл-Қыпшақи ғалымдар еңбектерінен дәйектеме келтірумен шектелмей, оларға түсініктеме беріп отырған. Кейде базбір ғалымдардың пікірін сынға да алғандығын байқаймыз. Мысалы «әл-Кинди мен ат-Тифашидің теңіз түбіндегі інжу жинаушылар жыртқыш теңіз жануарларын үркіту үшін, иттің абалағанына ұқсас дыбыс шығарады дегені дұрыс емес» дейді.

Олардың осындай сөздерін жоққа шығара отырып «Олай болмайды, өйткені, теңіз түбінде ешбір дыбыс шығару мүмкін емес» десе, келесі бір үзіндіде де ат-Тифашидің сөзін теріске шығарады: «ат-Тифаши көгілдір ақықтың бір түрі Нисабурда, екіншісі Нишапурда және нисабурлық көгілдір ақық нишапурлықтан жақсырақ деген де ат-Тифаши қателесіп отыр. Нисабур мен Нишапур – бір жердің (қала) атауы екенін Ат-Тифаши ескермеген» деп жазады.

Көгілдір ақықты сөз ете отырып әл-Қыпшақи ат-Тифашидің өз айтқанына өзі қайшы келетін тұстарын көрсеткен: «Күн ашықта көгілдір ақық мөлдір болады, бұлтты күні көмескілене түседі. Алайда, Аристотель «Талисінде» түсі өзгертін кез келген тас сапасыз саналады дегенінде қарама-қарсылық» дейді де «Шет елдік патшалар мен олардың нөкерлері көгілдір ақықты мойындарына таққан, өйткені, бұл тас оларды өлімнен сақтаған. Көгілдір ақықтан пайдалырақ тас бар ма?». «Қатардағы адамдар эликсирді даярлау кезінде оған көгілдір ақықты қосады деп есептейді, оны Ибн әл-Джаззар «әл-Ахджарында» растайды. Бірақ, онысы дұрыс емес» деп жазған.

6. Ала ад-дин Байлақ сілтеме жасағанда, өзі сүйенген деректемелерді үнемі атап отырған. Өйткенмен бірде кітап пен авторының атын толық жазса, кейде автордың атын атаумен ғана шектелген. Дереккөздердің басым көпшілігі «Китаб канз...» «Кіріспесінде» келтірілген. Дегенмен, негізгі де бөлігінде «Кіріспеде» көрсетілмеген деректемелерге де сүйенген айтқан жөн.

7. Сол кездің ғалымдары тәрізді әл-Қыпшақи трактатының қамту ауқымы мол. Ол «ғылыми кітаптар айтпаса да құндылығы кемімейді, бірақ, олар сұлтандарға жақын тұрған ғалымдарға тиесілі болса, құндылығы аса түседі» деп жазған. Сондықтан, кітабында сұлтанның аты жазылып мөрі басылған.

8. Әл-Қыпшақи оқырман тез арада меңгеріп алатындай етіп трактатын 30 мақала және көптеген тарауларға бөлген. Соған қарағанда, мұндай тәсілді астрономия, арифметика мен геометрия жайлы жазған еңбектерінде де қолданған. Ол: «Бұрындары астрономия, арифметика мен геометрияға қатысты қолданған принципті осы трактатымды да пайдаландым» дейді.

9 – Асыл тастардың атауы жайлы.

– Қызыл мыс туралы. «Бұл тас – ең кереметі, оған үш себеп бар: біріншісі – адамдардың үйлерінде немесе базарларда бар дүниелер басымырақ мыстан жасалған. Екінші – бұл тасқа байдың да, кедейдің де қолы жетеді. Үшінші –

бұл минерал басқаларына қарағанда арзан, алтын және күміспен салыстырғанда, оны сатып алу оңай. Мыс – адамдар күні-түні зәру болатын тұнық таза суы іспетті» дейді.

– Кен орындарындағы тастардың түзілуі туралы. Ол әрбір асыл тас атауының қалайша пайда болғанын түсіндірген. «Асыл тас (жауһар) – барлық минералды құнды тастардың жалпы атауы, бірақ ең қымбат тасты да «жауһар» деп атайды. Раушан (уард) туралы да солай деуге болады. Кез келген гүл тұспалданатын «уард» сөзінің жинақтаушы мәні бар, бірақ ең әдемі деген гүлдің де аты – «уард». «Жауһар» мөлдір тастардың атауы, ал «ад-Дур» – деп інжуді атайды. Інжу екі қабыршақпен бүркелген тірі ағзаның ішінде пайда болады. Бұл ағзаны гректер «эстурус» деп атайды. Оның аузы, екі құлағы бар, қалған бөлігі көбік пен судан құралады. Ол тұзды теңізде өмір сүреді. Күннің шығысы мен батысы кезінде, әлгі тіршілік иесі су бетіне шығып, күннің жарығы мен жылуына қанығу үшін қабыршақтарын ашадy. Ол қатып піскеннен кейін теңіз түбіне түседі де, жерді қаза орналасады, ағаш тәрізді тамыр жаяды. Осы кезде ол мақұлықтан өсімдікке айналады. Оны піскен жемістей жұлып алады. Егер інжуді тез алмаса, ағаштың піскен жеміс дәмі мен піскендігінен арылып қалай бұзылса, інжу де тап солай бұзылады.

– Қай тастың сапалы, қайсысы сапасыз екендігін анықтау туралы «Зұбаржад және оның сапасыз сорты туралы тарауында» әл-Қыпшақи: «Зұбаржадтың 4 түрі бар: зубабі (шыбын түсті), райхани (насыбайгүл түсті), салки (қант түстес), сабуни (сабынды). Барлық параметрі жағынан зұбаржадтың ең жақсы және қымбат сорты – «зубабі». Оның түсі қою жасыл, оны басқа түстермен шығара алмайды. Оның жасылы үйде ұшатын ұсақ шыбын емес, бақтарда ұшатын көктемгі көк шыбындыкіндей.

Зұбаржадтың басқа түрлеріне келсек, біріншісі сортпен салыстырғанда, сапасы жағынан олар жолда қалады. Зұбаржадтың «райхани» түсі насыбайгүл жапырағының түсіне ұқсас. Зұбаржадтың «салки» сорты қант қызылшасы жапырағының түсіне ұқсас. «Сабуни» зұбаржады басқалары тәрізді құнды емес. Зұбаржадтың жақсысы сапасызынан өз көлемімен, бетінің тегістігімен, жатықтығымен ерекшеленеді. Мұндай зұбаржад басқаларынан қымбат болады».

– Асыл тастардың кен орны туралы. Зімпара тасының кен орны туралы әңгіме оған мысал бола алады: «Зімпара тасының екі түрі бар, оның бірі – «сиуаси» деп аталады. Осы атауын римдіктер де біледі. Екінші түрі – «нуби», оның

отаны Судандағы Нуба деген жер. Ол Нуба жазирасында, Ніл өзені шайып жатқан ұсақ тастардай. Асуан мен Донгола қалалары арасында орналасқан Улаа деген жердің тұрғындары осы тасты өндіреді.

– Асыл тастардың құны туралы. Тастардың құнына әл-Қыпшақи айрықша көңіл бөлген. Мысалы, көгілдір ақықтың бағасы туралы: «Көгілдір ақық тастар өз сапасы мен сортына қарай қатты өзгешеленеді. Көгілдір ақықтың кішкентай тасы бір динар болуы мүмкін, ал тура осындай салмақты көгілдір ақық тұтас дирхам да болары хақ. Көгілдір ақықтың «Әбу Исхақи» деген түрі қалғандарынан қымбат тұрады. Ал, көгілдір ақықтың «каджанджи» деп аталатын түрі – ең арзаны, ол «Әбу Исхақидан» екі есе арзан. Марокконы билеушілері көгілдір ақық бағасын белгілегенде асыра сілтейтін. Олардағы бір тастың құны 10 динарға дейін жетеді. Өз қасиеті жағынан, кітапта аталған тастар ішінде, көгілдір ақық аса құнды тастардың бірі саналады» дейді. Әл-Қыпшақи Бағдат пен Египеттегі нарық бағасына сәйкес, тастардың құнын белгілеген, өйткені, бұл қалалар қайнаған сауда орталықтары есептелген. Әрбір тастың құны мөлшеріне байланысты болған.

– Тастардың емдік қасиеті туралы айтқанда медицина ғалымдарының сөзіне, мысалы магниттің пайдасы жөнінде Ибн әл-Джазарға сүйенген «Егер магнитті қолда ұстаса, артрит пен буын ауруларына ем болады. Сонымен қатар, осы сіреспені емдеуде де қолданады, дей отырып аталмыш асыл тастың емдік қасиеті туралы «Егер адам улы темірден уланып немесе жарақаттанса, онда сүт немесе жылы суда ерітілген магнит ұнтағын ішкені қажет. Бұл сусын бүкіл ұды сыртқа шығарады. Егер, улы темір зақымдаған жараға магнит ұнтағын сепсе, жара тез оңады» дейді.

– Ойып алынған тастың пайдасы туралы сөз еткенде мифтік хикаялар мен құпия белгілерге байланысты мәселелер жайлы жазған. Мәселен, ойып алынған сутастың қасиеті туралы сөз еткенде «Атарид ибн Мұхаммед әл-Хасибке сүйенген: «Егер хрусталь немесе оның «маха» атты түрлерінің бірін алып, бейсенбінің бірінші жартысында, Ай Есекқырған деңгейінде болған кезде, тасқа қолына асатаяқ немесе найза ұстап, жамылғы киген, бүркіт үстінде отырған ер адам бейнесін ойып, ал бүркіттің төменгі жағына «уау-фа-син-айн-каф» 5 әріпін жазып, осы тасты сары түсті сақинаға қондырып, сонан соң, тас астынан дәстүргүл сәулесін өткізіп, күн шығар алдында, бейсенбі күні кисе, сақина иесінің

тілегін Алла міндетті түрде орындайды, ол адамдардың мейірімі мен сеніміне бөленеді» деген.

Асыл тастарды сипаттау барысында, ол осындай әдіснаманы қолданған. Кейде асыл тастар туралы қосымша мәліметтер де берген. Мысалы, тастарға зиянды, бүлдіретін нәрселерге қатысты: «Інжуді майлар, қышқылдар, әсіресе, лимон бұзады. Сондай-ақ, інжуді қызып тұрған от, тер, жағымсыз иістер, кедір-бұдырлы заттармен сүйкеленуі зиян келтіреді» деген. Әл-Қыпшақи тас түсін нашар жағына өзгертетін жағдаяттарды да айтқан. Ол тастардың күнгірттенуін болдырмайтын пайдалы кеңес береді (Набила Абд ал-Мунъим Дауд. Қолжазба).

Енді, оның інжуге қатысты кеңестеріне тоқталайық:

1. Егер інжу сарғайса, оны анда-санда інжірді сүтке салып қою керек. Бұл жерде, ол өз түсіне енбейінше, үш күн ішінде сүтті жаңартып отырған жөн.

2. Сарғайған інжуді қыш ыдысқа салып, үстінен сабын кесектерін себеді. Ыдысты ақырын қыздырылған көмірдің үстіне екі-үш сағатқа қояды.

3. Тазартылған магалеб мойыл, тап сондай көлемдегі тазартылған күнжіт, камфораны біртекті қоспаға айналғанша араластыру керек. Осы кесектен дискілер соғып, үстіне інжу қояды. Дискілерді темір шөмішке салып, қой сирағының майын құю керек, сосын шөмішті жылтыған отта қыздырады. Нәтижесінде інжудің түсі қалпына келеді.

4. Бір бөлік сабын, тұз, құрғақ әктас – барлығын әйнек банкаға салады, оған тұщы су құйылған соң банкаға інжуді салады, сонан соң, қыздырылған көмір үстіне қояды. Сабын көбігі көтерілген сайын оны жинап, үстінен қосымша су құйып отыру керек. Сосын інжуді таза, мөлдір сумен шайған дұрыс. Нәтижесінде, інжудің түсі қалпына келеді.

5. Әл-Қыпшақи кейде асыл тас атауларының айтылуына түсіндірме де береді. ««Аз-Зумурруд» сөзіндегі «зайн» әрпі қосарланған болуы қажет, «зайн» мен «мим» әріптеріне «дамма» харакаты қойылады – осы сөзді арабтар тап осылай айтады». Одан кейін, автор «Зумурруд» және «Зубарджад» сөздерінің айырмашылығына тоқталған: «[Әбу Насыр] әл-Фараби «зумурруд» «забарджадтын» арабшаланған нұсқасы дейді, бірақ, Әбу Насырдың бұнысы дұрыс емес. Өйткені «Забарджад» мөлдір тастың басқаша түрі» дейді. Осы мәселеге Ала ад-дин Байлақ 5 тарау арнаған.

6 – Ол тастардың қайсысы – төлнұсқа, қайсысы – жасанды екендігіне тоқтала келе шынайы жануар безоары туралы айтқан 10-тараудың 13-мақаласында: «Нағыз безоарды сарышаянның бізгегі арқылы анықтауға болады. Не болмаса, шөжеге безоарды кішкене жегізіп, сосын жыланға шақтыру керек. Егер шөже тірі қалса – безоардың төлнұсқа болғаны. Тастың нағыз безоар екендігін шаққан жерге себу арқылы білуге болады. Егер безоар себілген жеріне ілініп, жабысып қалса, төлнұсқа болған» деп жазған (Набила Абд ал-Мунъим Дауд. Қолжазба).

Қорытынды

«Китаб канз ат-тиджар фи маърифат әл-ахджар» трактатын жазудағы Ала ад-дин бин Мұхаммед Байлақ Қыпшақидың тұжырымдары осындай. Трактатында жазғандары Қыпшақ перзенті білімінің ауқымдылығы, асыл тас ту-

ралы ғылымдағы тәжірибесінің молдығын көрсетеді. Оның айтқандарынан тас саудасымен айналысқан, тастарды зерделеуге құмар сұлтандармен қатар өмір сүргенін байқаймыз. Әл-Қыпшақи «Китаб канзде...» өзінен бұрын өткен авторларға сілтеме жасағанмен, алайда, дәйектеме берген кезде, оларға өз түсініктемелерін де қосып отырған. Бұрыс пікір мен пайымдауларды талдап, сынға да алған. Бірқатар мәселелерге қатысты өз көзқарасымен де бөлісіп отырған. «Китаб канзды...» геология, геодезия, география, медицина, руханият пен өнер саласына және ғылымдар тарихына қатысты мәліметтері бар шағын энциклопедия деуге болады. Сондай-ақ, ол нарық пен нарықтық қатынастар, сол кезде қолданылған ақша түрлеріне байланысты экономикалық мәселелерді де қозғаған. Осылайша, ол араб ғылымының асыл тастар саласын мүмкіндігінше байытқан.

Әдебиеттер

- Адам Мец. Мусульманский ренессанс. – М.: «Наука», 1966, – 391 с.
 Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. Алматы: Мектеп, 1971.
 Ала ад-дин Байлық әл-Қыпшақи. Әл-Ануар әл-мудийа. Қолжазба.
 Асир ад-дин Абу Хайан Мухаммед бин Йусуф. Китаб әл-идрак ли-л-исан әл-атрак. Константинополь 1891-1892 (Стамбұл 1931, екінші басылымы)
 Әбу Ибраһим әл-Фараби. Диуан әл-адаб (Муъдjam лугауи турас. Бейрут [ж.көрсетілмеген].
 Әбу Райхан әл-Бируни. Әл-Джамаһир фи [маърифат] әл-джауаһир. Тегран, 1995.
 Байлақ әл-Қифжақи (Қыпшақи). Канз ат-тиджар фи маърифат ал-ахджар. Париж ұлттық кітапханасы, № 2779 қолжазба.
 Босворт К.Э. Мусульманские династии. Справочник по хронологии и генеалогии / Перев. с англ. и примечания П.А. Грязневича. – М.: «Наука», 1971.
 Дербісалиев Әбсаттар. Қазақ даласының жұлдыздары. Алматы: «Рауан», 1995.
 Зойончковский А. Арабско-кипчакский словарь эпохи государства мамлюков. – Сообщения польских ориенталистов. Изд. восточной литературы. – М., 1961. – С. 36-44.
 Набила Абд ал-Мунъим Дауд. Ат-Тагриф би-махтутат канз фи маърифат ал-ахджар. Қолжазба.
 Семенова Л.А. Салах ад-дин и мамлюки в Египте. – М.: «Наука», 1966. С. 23, 51.
 Тифаши Ахмед. Азһар ал-афкар фи джауаһир ал-ахджар. Каир, 1977.
 Фаласифат йунанӣун мин Талис ила Сукрат. Багдад, 1985.
 Штейншнейдер Морис. Араб лапидарилері// Таяу Шығыс қоғамының журналы. Лейпциг, 1895.
 Brockelmann C. Geschichte der Arabischen Litteratur. Leiden E.J. Brill.1937, 904-бет.
 Brockelmann C. Geschichte der Arabischen Litteratur. Erster Band. Leiden E.J. Brill.1943, 652-бет.
 Розенфельд Б.А., Рожанская М.М., Соколовская З.К. Абу-р-Райхан ал-Бируни. – М., 1973. – С. 12, 27, 95, 234, 251, 259-265.

References

- Adam M. Muslim Renaissance. Ed. "Science," Moscow 1966, s.391.
 Aydarov G., Qyrszhanov A., Tomanov M. Kone tyrki zhazba eskerkishterining tili [Language of ancient Turkic written monuments]. Mektep baspasi, Almaty 1971.
 Ala ad Din Baylaq al-Qypshaky. al-Anuar al-mudya. qolzhasba. (Manuscript)
 Asir ad Din Abu Hayan Muhammed bin Yusuf. Kitab al-idrak al-lisan al-atrak. Konstantinopol. 1891-1892 (Istanbul 1931, ekinshi basylym).
 Abu Ibrahim al-Farabi. Diyan al-adab. (Mugzham lugayi. Beiryt.
 Abu Rayhan al-Biruni. Al-Zhamahir fi [magrifat] al-zhayahir. Tehran 1995.
 Baylak al-Qyfyaky (Qypshaqy). Kanz at-tidzhar fi magrifat al-axzhar. Paris National Library, № 2779 manuscript.

Bosvort K.Э. Muslim dynasties. Handbook of chronology and genealogy. Perv. with ang. and notes by P.A. Gryaznevich. Ed., "Science." M of 1971.

Derbisalyev Absattar Qazaq dalasynyng zhuldyzdari. [Stars of Kazakh steppes] «Rauan», Almaty 1995.

Zoyonchkovsky A. Arabic-Kipchak dictionary of the era of the Mamluk state. – Messages from Polish orientalists. Ed. oriental literature, M. 1961, 36-44.

Nabila Abd al-Mungim Daud. At-Tagrif bi maxtutat bi-mahtutat kanz fi magrifat al-axzhar. Manuscript.

Semenova L.A. Salah ad-din and Mamluks in Egypt. Ed. "Science," Moscow 1966, s.23.

Tyfashy Ahmad. Azhar al-afkar fi zhauahir al-ahzhar. Cairo. 1977.

Phalasypha iunanyun min Talis ila Socrates. Baghdad 1985.

Moritz Sheinschneider. Arab lapidarileri. // Journal of Middle East Society. Лейпциг 1895.

Brockelmann C. Geschichte der Arabischen Litteratur. Leiden E.J. Brill. 1937, 904-бет.

Brockelmann C. Geschichte der Arabischen Litteratur. Erster Band. Leiden E.J. Brill. 1943, 652-бет.

Rosenfeld B.A., Rozhanskaya M.M., Sokolovskaya Z.K. Abu-r-Rayhan al-Biruni. M., 1973, p. 12, 27, 95, 234, 251, 259-265.

Байлақ Қыпшақи. Канз ат-тиджар (дің) бір беті. Париж ұлттық кітапханасы